

## **2020 – 2021 оқу жылындағы I жартыжылдық қорытындысы бойынша әлеуметтік педагогтың есебі**

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№3 арнайы мектеп» КММ-де жалпы оқушылар саны 131, оның ішінде мектепте оқытындар 97 оқушы, үйде оқытын оқушылар саны – 34.

Қыркүйек айында 2020-2021 оқу жылына құрылған әлеуметтік педагогтың жұмыс жоспары бойынша жұмыстар жүргізілуде. Эр сынып әлеуметтік паспорт пен әлеуметтік тұрмыстық жағдайын тексеру құжаттары тапсырды, жаңадан келген оқушылар бойынша тапсырған жоқ. Қыркүйек айынан бастап сабакты себепсіз босатқан оқушылар бойынша түсініктеме қағаздарын тапсырады.

### **Іжартағылдық қорытындысы бойынша :**

- Аз қамтылған отбасылар - 6 (Атаулы әлеуметтік көмек анықтамасы бар)
- Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылар саны- 1 (1 «B» сынып Бақдаулетов Айдар»)
- Көп балалы отбасылар-17
- Толық отбасы- 80
- Толық емес отбасылар- 28

Кәмілетке толмаған ісі жөніндегі бөлімі есебінде тұрған балалармен профилактикалық жұмыс мектептің тәрбие жұмысында маңызды орын алады. Бұл бағытта нақты жұмыстар жүргізілуде. Оқушыға жеке парақ толтырылып, жеке есепке алу карталары жүргізілді, онда оқушы туралы, оның ата-анасы туралы мәліметтер, ата-анасының қысқаша сипаттамасы, баланың түру жағдайы, оқушымен жұмыс, қабылданған шаралар және жұмыс нәтижесі көрсетіледі. Жеке жұмыс күнделігі де енгізілген.

Тамыз айынан 12-і мен қазан айының 31-і аралығында «Мектепке жол» жалпыға міндettі оқу «Қамкор» атты акциясы басталған болатын. «Әлеуметтік қорғалмаған білім алушыларға және аз қамтылған отбасылар қатарындағы білім алушыларға каржылық және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау қағидаларын бекіту туралы «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысының негізінде» аз қамтылған отбасылардан және мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан оқушыларға жаппай оқыту қорынан қажетті киім мен аяқ киім сатып алуға ақша бөлінді. «№3 арнайы мектеп» КММ осы санаттан 35 өтініш қаралды, 5 отбасының өтінімінде бас тартылды, себебі олардың табысы 3 есе жоғары болып шықты. Қалған 31 отбасыға 40 000 әлеуметтік бірлік түрінде әлеуметтік көмек берілді. Ақша қалдықсыз жұмсалды, ата-аналар балаларға қысқы күртелерді, қысқы аяқ киім, спорттық костюмдер, кроссовкалар, мектеп формасы мен кенсе керек-жараптарын сатып алды.

1 қыркүйек «Білім күніне» арналған таза ауада кішігірім салтанатты жиын өткізілді. Оқушыларға «ТОО Азамат-Құрылыш» атынан «Оқушылар жинағы» «Набор школьника» сыйы табысталды.

2 қыркүйектен бастап ТОО «Скулбас» окушыларды тасымалдау ұйымдастырырды. Бізде 5 маршрут бар, әр маршрутта ең көп деген бала саны 19. Жалпы автобусқа отыратын окушылар саны 87. Тасымалдауға жауапты 5 педагог қойылды, барлығы нұсқаулықпен танысты.

5 маршрут бойынша қазір жалпы автобусқа отыратын окушылар саны 85. Тасымалдауға жауапты 5 педагог жұмыстарын жүргізуде, белгілеу дәптерлерін күнделікті толтырылады, менімен тексеріледі. 919 маршрут бойынша жүргізуі ауыстырылды, 121 маршрут пен 910 маршруттың нөмірлері ауыстырылып, жүру маршруты қалды.

«Дар» қоғамдық қайырымдылық қорынан спорттық жабдықтар сыйға тартылды.

Мектебіміздің кәсіподақ комитетінің төрайымы А. Т. Канафина мен Нұр-Сұлтан қаласының «Әділет» білім беру қызметкерлері кәсіподағымен 0 «Ә» сынып окушысы Бейсенова Кәусарға демеушілік қайырымдылық көмегі көрсетілді.

Сондай-ақ, 1-4 сынып окушылары үшін кішігірім жаңа жылдық кештер ұйымдастырырды. «Дар» қоғамдық қайырымдылық қорымен ТОО «Азамат-Құрылыш» атынан балаларға 131 тәтті сыйлықтар ұсынды. Мектеп әкімшілігі балалар үшін ұйымдастырылған жаңа жылдық кешке ат салысқан барлық әріптестерге алғыс білдіреді.